

**Тиімді коммуникация түрлері,  
құралдары және жағдайлары.**

**Коммуникация модельдері  
(Аристотель, Г. Лассуэлл және т.б.)**

**Сөйлеуді түсінудің әлеуметтік-  
психологиялық заңдылықтары.**

**Мәтін әлеуметтік-психологиялық  
зерттеу объектісі ретінде: құру**

**заңдылықтары, қабылдау  
механизмдері. Мәтін түрлері.**

---





*«Коммуникация» ұғымы (латынның «communicare» – байланыстыру, біріктіру деген сөзінен) ақпаратты алу, өңдеу, жеткізу және сақтау процесстерінің жиынтығы болып табылады.*

---

- **Тиімді коммуникация** – ақпарат алмасу барысында қолайлы қарым-қатынас орнату, алынған ақпаратты қабылдап сенімнен шығу, әңгімелесушіге құрметпен қарап оны мұқият тыңдау, әңгімелесушінің ойын тусине білу.

# «Коммуникация»



Бұл тілдесу (вербальды) және тілдеспей, ыммен түсінісу (вербальсыз) ақпарат алысу.

Вербальды ақпарат – сөйлем арқылы түсінісу немесе сезімді, ойды, байқағандарын жазу арқылы жеткізу.

- Вербальсыз ақпарат – ақпаратты сөз құрамдарынсыз немесе жазбай-ақ жеткізу.

# ТИІМДІ КОММУНИКАЦИЯ ДАҒДЫСЫ



- \* Презентацияларды жүргізу
- \* Өз ойын анық білдіру
- \* Өз көзқарасын аргументтеу
- \* Көпшілік алдында тиімді сөз сөйлеу дағдысыны дамыту



Сызықтық байланыс моделі 1939-40 жылдары жасалған теория. Оны 1948 жылы **Гарольд Лассуэелл** басып шығарды, ол коммуникацияның сызықтық, «бір жақты» актісін сипаттайды. **Г.Лассуэллдің** өзі былай деп жазды:

**«Коммуникациялық процесті сипаттаудың ең қолайлы жолы келесі сұрақтарға жауап беру болып табылады:  
кім хабарлайды?  
нақты не?  
қандай арналар арқылы?  
кімге?  
қандай әсермен?»**

Бұл модельдің мағынасы коммуникация үш элементтен тұрады: сөйлеуші, қарастырылатын субъект және адресат, яғни бұл сөйлеу бағытталған адам. Бұл коммуникацияның түпкі мақсаты адамға сөйлеуші берген хабарламаны естуге мүмкіндік беру болды. Бұл жағдайда табыстың басты кепілі – көпшілік алдында сөйлеуді тамаша меңгеру. Бұл модель 20 ғасырға дейін саясатта және саяси насихатта жиі қолданылды.

**Аристотель Моделі**  
Аристотель қарым - коммуникация процесінде үш компонентті анықтады: "Оратор -Сөз-Аудитория".  
Заманауи өңдеу нұсқасында модель келесідей көрінеді:"Коммуникатор - хабарлама - Коммуникант".

# Әлеуметтік психология

Әлеуметтік психология – адамдардың әлеуметтік топтарының қосылуынан туындаған мінез-құлық және әрекет заңдылықтарының, сондай-ақ осы топтардың психологиялық сипаттамаларын зерттейтін психология ғылымының саласы



# Зерттеу әдісі

**Әлеуметтік психологиялық статистикалық зерттеу жүргізген кезде осы нәтиженің ғылыми принциптеріне сүйенеді.**

**Олар: Психология және әлеуметтану.**

**Қазіргі ғылымда методология термині грек тілінен «танып білуге жол» дегенді білдіреді және ғылыми білімдердің 3 деңгейін көрсетеді.**

**1. Жалпы методология - бұл жалпы принциптердің қосындысы. Жалпы методологияға әртүрлі философиялық құрылымдар кіреді.**

**2. Жеке методология - жеке принциптер құрылымы, нақты білім аймағында қолданылады. Әрекет принципі үлгі болады. әлеуметтік психологияда бұл принцип адамдардың бірлескен іс-әрекеті ретінде түсіндіріледі. Және бұл кезде ерекше байланыстар түзіледі. Іс-әрекет субъектісі ретінде коллектив іс-әрекет субъектісі бола алады. Бұл принципті қолдану арқылы коллективтегі іс-әрекет субъектісінің атрибуттарын зерттеуге болады.(қажетілік, мотив, топ мақсаты**

**3. Методологиялық қолданыстар - Т.В.Каркилова бойынша бұл - зерттеудің көптеген әдістемелері, теориялар. Әдіске және әдістемелерге бөлінеді. Әдіс - зерттеу стратегиясы болады. Әдістеме техника мен эмпирикалық анықтамалардың фиксация әдістері**





*Ғылыми зерттеу үшін.*

- 1. Зерттеудің нақты объектісінің болуы.*
- 2. Фактілерді анықтау, себебін табу, әдістерді жасау, болжам қою.*
- 3. Қойылған фактілер мен болжамдар арасындағы ашық байланыс.*
- 4. Фактілер мен құбылыстарды жобалау және түсіндіру.*

*Ғылыми зерттеулердің ерекшеліктеріне жаңа жиналған анықтама, оларды принциптерге біріктіру, принциптерді алдыңғы жұмыс негізінде тексеру және қолдану*

**1**

# *Ғылыми зерттеу*





# 2

## Зерттеу әдісі



Әлеуметтік психологияның зерттеу әдістерін екі топқа бөліп қарастыруға болады: зерттеу әдістері және әсер ету әдістері. Зерттеу әдістері өзі – мәліметті (ақпаратты) жинау және оны өңдеу болып екі топқа бөлінеді.

Мәліметті жинау әдістеріне: бақылау, құжаттарды қарастыру, өңдеу, (оған контент анализ де кіреді), әр түрлі сұрау әдістері, (саулнама, интервью) тестілер (сынақ), оның ішінде не көп тараған социометрлік тест (әлеуметтік өлшем) және де эксперимент (табиғи және лабораториялық). Осы әдістердің көбі социологияда қолданылатындармен пара-пар. (Ядов, 1993)



## **Вербалды және вербалды емес қарым-қатынас •**

*Қарым-қатынас негізгі екі канал арқылы жүзеге асады: сөздік (вербалды) және сөздік емес (вербалды емес) қарым-қатынас каналдары. Сөйлеу тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ақпараттың қайнар көзі, басқа адамға әсер етудің тәсілі.*



# Вербалды

Сөздік қарым-қатынас құрылымына мыналар жатады:

- 1) сөздердің мәні мен мағынасы – сөздерді нақты, дұрыс айту, сөйлемдерді дұрыс құру;
- 2) сөздік дыбыстық құбылыстар – сөйлеудің темпі, ритмі, интонациясы, дикциясы, дауыстардың жоғары-төмендігі, тональділігі, тембрі;
- 3) дауыс шығару көріністері – қарым-қатынас барысында пайда болатын спецификалы дыбыстар, мысалы, күлу, жылау, сыбырлау, күрсіну, «хм-хм», «эх», «ах», т.б.

*Көптеген зерттеулердің көрсетуі бойынша, күнделікті қарым-қатынастың 7%-ын сөздер, 40%-ын дыбыстар, 53%-ын сөздік емес өзара әрекеттесулер құрайды.*

# Вербалды емес

Сөздік емес қарым-қатынасты зерттейтін ғылымдар:

1. Кинестика - адамдардың эмоциялары мен сезімдерінің сыртқы көріністерін зерттейді;

а) Мимика - бет-әлпеттің бұлшық ет қозғалыстарын зерттейді;

ә) Жестика - дененің жеке бөліктерінің қозғалыстарын зерттейді;

б) Пантомимика - бүкіл дененің моторикасын зерттейді: позалар, жүріс-тұрыстар, еңкеюлер, қисаюлар, т.б.

2. Такесика - қарым-қатынас барысындағы денеге тиюді зерттейді, қол алмасып амандасу, беттен сүйу, құшақтау, сипау, т.б.

3. Проксемика - қарым-қатынас барысындағы адамдардың кеңістікте орналасуын зерттейді.

